

**Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған
мектеп-лицей-интернаты**

**Е.ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТТЫҢ
ІШКІ ТӘРТІБІНІҢ ҮЛГІ ҚАҒИДАСЫ**

Қызылорда, 2022 ж

«БЕКІТЕМІН»

Е.Әуелбеков атындағы
№4 облыстық мамандандырылған
мектеп-лицей-интернаты
директоры  Қ.Ақышева
«_____» _____ 2022 жыл



Е.ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТТЫҢ ІШКІ ТӘРТІБІНІҢ ҮЛГІ ҚАҒИДАСЫ

1. Жалпы ережелер

Мектеп-лицей-интернаттың ішкі тәртібін қамтамасыз ету мақсатында мектеп-лицей-интернат қызметкерлерінің, сонымен қатар тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен және мектеп-лицей-интернаттың ішкі тәртібінің қағидаларымен жүктелген міндеттерді сақтауын, қолжетімділігін және таныстыруды қамтамасыз етеді.

2. Мектеп-лицей-интернаттың ішкі тәртіптемесі

2.1. Мектеп-лицей-интернаттың әкімшілігі мен педагогтерінің тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен өзара қарым-қатынасы

2.2. Тәрбиеленушілердің құқықтары мен міндеттері

- Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартына сәйкес тегін сапалы білім алуға ;
- Мектеп-лицей-интернат кітапханасының ақпараттық қорын тегін пайдалануға, оқулықпен қамтамасыз етілуге, басқа да қосымша қызмет алуға;
- Спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын тегін пайдалануға;
- Адамгершілік қасиеттерді қастерлеуге, ар-ождан және ақпарат еркіндігі, өз көзқарасы мен мүдделерін ашық білдіруге;
- Абыройын, еркіндігін, өз денсаулығын сақтауға;
- Оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;

- Іріктеуден өткен жағдайда мектепішілік, қалалық, облыстық, республикалық түрлі пәндік олимпиадаларға, спорттық және мәдени іс-шараларға қатысуға құқылы;
- Тәрбиеленушілер білім беру стандартына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мектеп-лицей-интернаттың жарғысында көзделген талаптарды орындауға;
- Дәлелді себепсіз сабақтан қалмауға, сабаққа және басқа да іс-шараларға кешікпей келуге;
- Мектеп-лицей-интернаттың қоғамдық және мәдени өміріне белсене қатысуға;
- Өзінің мәдени деңгейін әрқашан көтеріп отыруға, өз бойында жақсы эстетикалық талғам мен әдептерді қалыптастыруға;
- Өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- Жеке бас гигиенасын сақтауға, денесін шынықтыруға, мектеп-лицей-интернатта және басқа да қоғамдық орындарда тәртіп пен тазалықты сақтауға;
- Ұжымда достық қарым-қатынас орнатуға, бірін-бірі құрметтеуге, бір-бірінің абыройы мен намысын қорғауға;
- Тәрбиеленушілер мұғалімдерді, өзінен жасы үлкен адамдарды «Сіз» деп атауға;
- Тәрбиеленушілер үлкенге ізетті, кішіге қамқор болуға;
- Ыстық және сұйық тағамдарды тұтыну кезінде тамақтану мәдениетін сақтауға;
- Асханада дайындалған барлық тағамдар мен шырындарды тек асханада ғана ішуге;
- Тамақтанып болғаннан кейін үстел үстін жиыстыруға, тәрбиеленуші өзіне-өзі қызмет етуге;
- Мектеп-лицей-интернат жатақханасына сырттан тамақ әкелмеуге;
- Дене шынықтыру сабағында спорттық киімдер киюге, мұғалімнің рұқсатынсыз спорт залдан шықпауға;
- Сынып бөлмесіне мұғалім немесе жасы үлкен адам кіргенде және шыққанда орнынан тұруға, сәлемдескеннен кейін мұғалімнің рұқсатымен орындарына отыруға;
- Үлкендерге, мұғалімдерге және басқа да мектеп-лицей-интернат қызметкерлеріне құрметпен қарауға;
- Ынталы оқуға, шығармашылықпен жұмыс істеуге және білімді толық меңгеруге;
- Өзара түсініспеушілік жағдай болғанда ешқашан күш қолдануға, балағаттауға жол бермеуге.

2.3. Мектеп-лицей-интернат жатақханасындағы тәрбиеленушілердің құқықтары:

- Сыныптар бойынша жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлмелерге орналасуға;
- Санитарлық-гигиеналық, өрт қауіпсіздік нормаларын талап етуге;
- Тұрмыстық бөлмелердің қызметін тиімді пайдалануға;
- Мектеп-лицей-интернаттың қоғамдық өміріне белсене араласуға құқылы.

2.4. Жатақхана тәрбиеленушілерінің міндеттері:

- Мектеп-лицей-интернат (жатақханасының) ережесін, күн тәртібін, техникалық, өрт қауіпсіздік ережесін сақтауға;
- Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауға;
- Жатақхана мүлігіне ұқыпты қарауға;
- Бөлмеде және қабатта кезекші болуға, өзіне-өзі қызмет етуге;
- Электр энергиясын, су көздерін үнемді пайдалануға;
- Тәрбиешілердің, қабат, бөлме старосталары мен тазалықшыларының талаптарын орындауға;
- Жатақхана мүлігін бүлдірген жағдайда мүліктің құнын өтеуге;
- Бөлме тазалығы мен мүліктердің сақталуына байланысты үш рет ескерту алған жағдайда ата-анасы шақырылуға, кеңестерге қатыстыруға;
- Мектеп-лицей-интернатта ұйымдастырылған тәрбиелік, мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысуға;
- Жас ерекшеліктеріне сәйкес егуді уақытылы алу және ауырған жағдайда мектеп-лицей-интернаттың дәрігеріне қаралуға;
- Жатақханадан тек ата-анасының қолхатына сәйкес мектеп-лицей-интернат директорының рұқсатымен шығатынын ұмытпауға;
- Барлық тәрбиеленуші жатақханамен қамтамасыз етілуге және жатақханада қонуға;
- Дәрігердің арнайы анықтамасымен белгілі мерзімге ғана үйден қатынауға;
- Емделу мерзімі аяқталғаннан кейін жатақханаға дәрігер анықтамасымен келуге;
- Күн тәртібінің бекітілген ережесін сақтауға (Таңғы ояну – 07.00; ұйықтау – 22.00);
- Мектеп-лицей-интернатта 11-сыныптардан басқа сыныптарға ұялы телефон ұстамауға;
- Мектеп-лицей-интернаттың әкімшілігі ұялы телефондар және қымбат әшекей бұйымдар, жеке басының гигиеналық жабдықтары үшін жауап бермейтінін ескеруге міндетті.

2.5. Мектеп-лицей-интернаттан тәрбиеленушілердің сұрану тәртібі

- Мектеп-лицей-интернат тәрбиеленушілері оқу күндері лицей-мектеп-интернат директорының рұқсатымен ата-анасының қолхатына сәйкес сұрануға құқығы бар;
- Рұқсатсыз мектеп-лицей-интернат ауласынан шыққан жағдайда ата-анасы шақырылады;
- Демалыс күндері тәрбиешілердің сыныптар бойынша берген тізіміне сәйкес тәрбиеленушілер ата-ананың қолхатымен, 10-11 сыныптар ата-анасының нотариус арқылы берілген қолхатымен қайтарылады;
- Жұма күні қайтқан тәрбиеленушілер жексенбі күні кешкі 21.00-ге дейін жатақханаға келуге міндетті;
- Дәлелсіз себептермен сабаққа келмесе немесе үш рет дүйсенбі күні кешігіп келген жағдайда ата-анасы шақырылып, арнайы кеңестерде қаралады;
- Тәрбиеленуші мектеп-лицей-интернат пен жатақхана ережелері мен талаптарын орындауға міндетті.

2.6. Қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәндерді ескере отырып, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыруға;
- Оқу және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге;
- Тәрбиеленушілердің жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыруға;
- Жеке қабілеттерінің дамуына жәрдемдесуге және айқындауға;
- Тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- Оқытудың анағұрлым тиімді формаларын, әдістерін және құралдарын, жаңа ақпараттық құралдарды қолдануға;
- Тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- Тәрбиеленушілердің сапалы білім, білік пен дағды алуларын қамтамасыз етуге;
- Оқу процесінің жоспары мен кестесіне сәйкес оқыту бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға құқылы;
- Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауға;
- Жабдықтарды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігінің талаптарын сақтауға;

- Өздерінің отыратын, жұмыс істейтін орындарын ретке келтіріп таза ұстауға;
- Тәрбиеленушілер сабаққа келмей қалған жағдайда ата-анаға хабарлау, сабақтан кейін тәрбиеленушілерді бақылауға;
- Тәрбиеленушілердің тәрбиесі мен біліміне қатысты мәселелер бойынша ата-аналар жиналысын кемінде тоқсанына 1(бір) рет ұйымдастыруға, жыл көлемінде ұйымдастырылатын шараларға ата-аналарды қамтуға;
- Асхана қызметкерлері тұтынушылар қорғау органының бекітіп берген ас мәзірін қатаң сақтауға;
- Тәрбиешілер асхана ережесі мен тәртібін сақтай отырып, асханада тамақ дайындауда кезекші болуға;
- Тәрбиешілер тәрбиеленушілердің толық, уақытылы тамақтануын қамтамасыз етуге, қадағалауға;
- Тәрбиеші тәрбиеленушінің тамаққа байланысты күдіктеніп жегісі келмеген тамағын ауыстыртуға немесе тамақ жетпей қалған жағдайда асхана қызметкерінен талап етуге міндетті;
- Оқу жылының соңында интернат меңгерушісі мен жатақхана коменданты тәрбиешілерден жатақхана бойынша жауапты бөлмелерінің тазалығы мен мүліктердің сақталуына байланысты тексеріп, қабылдап алуға міндетті.

2.7. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) құқықтары мен міндеттері:

- Өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға;
- Өз баласын тәрбиелеуге;
- Баласынан бөлек тұратын және бірге тұратын ата-ананың баласының тәрбиесі мен баланың білім алуы мәселелерін және бала үшін басқа да маңызды мәселелерді шешуге қатысуға;
- Баласынан бөлек тұратын және бірге тұратын ата-ана білім беру ұйымдарынан өз баласы туралы ақпарат алуға;
- Ата-аналар баласының тәрбиесі мен біліміне қатысты тоқсанына 1 (бір) рет ұйымдастырылатын ата-аналар жиналысына және жыл көлеміндегі шараларға қатысуға, асханадағы астың сапасын, дайындалуын бақылау мақсатында қадағалау жүргізуге, №320 қаулыға сәйкес төлем жасауға ;
- Ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқылы болуға;
- Ата-аналар баласының дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болуға;
- Ата-аналар баласының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге;

- Ата-аналардың бала жалпы орта білім алғанға дейін оның пікірін ескере отырып, білім беру ұйымын және баланың оқу нысанын таңдауға;
- Баланың тәрбиесі мен білім алуына қатысты барлық мәселелерді баланың мүдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, ата-аналар өзара келісу арқылы шешуді;
- Ата-ана баланың мектепке дәлелсіз себептермен келмеуіне жол бермейді, баланың келмейтіні немесе келмегендігі жөнінде кураторы немесе тәрбиешісін бірден хабардар етуге;
- Баласының білімі мен тәртібіне байланысты мектеп-лицей-интернатқа шақырғанда келуге;
- Оқу күндері мектеп-лицей-интернат директорының рұқсатымен ата-ана өзінің қолхатына сәйкес баласын сұрап алып кетуге;
- Демалыс күндері қажет болса ата-ана өз қолхатына сәйкес баласын алып кетуге құқығы бар.

3. Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың тәртібі

- Тәрбиеленуші мектеп-лицей-интернатқа мектеп үлгісімен (формасымен) киінуге;
- Ұлдар – классикалық қара түсті шалбар, ақ көйлек, шерсть матадан тігілген қызыл-қоңыр түсті жакет, қызыл-қоңыр түсті галстук, аяқ киім түрі - классикалық;
- Қыздар – шерсть матадан тігілген қызыл-қоңыр түсті юбкасымен жакет, қызыл-қоңыр түсті галстук, ақ жейде, бас киімсіз (орамалсыз), ақ бантик.
- Тәрбиеленуші мектеп-лицей-интернатта сырт киімдерін шешіп, шаштарын, киімдерін ретке келтіріп, сынып бөлмесіне барып, сабаққа қажет оқу құралдарын парта үстіне шығарып, сабаққа дайын отыруы керек;
- Мектеп-лицей-интернат мүлкін сақтап күтуге, оқулықтар мен басқа да кітапханадағы кітап қорларын ұқыпты пайдалануы тиіс, бүлдірген немесе жоғалтқан жағдайда ата-анасының есебінен өндіріліп алынады;
- Сабақ уақытында мектеп-лицей-интернаттан және мектеп-лицей-интернат аумағынан мұғалімдердің, мектеп әкімшілік мүшелерінің, кураторлар мен тәрбиешілердің рұқсатынсыз кетуге;
- Сыныптан тыс және спорттық, мәдени көпшілік іс-шараларды өз бетінше тастап кетуге;
- Терезе алдында, жәшіктерге (шкафтарға) және басқа заттарға, шатырға мінуге;
- Шаруашылық заттар қоймасына кіруге;
- Басқыш алаңында және дәлізде, сынып бөлмесінде ретсіз жүгіруге;

- Бір-бірімен алысуға, түрлі заттарды лақтыруға, дене күшін қолдануға, айқайлауға, балағат сөздер айтуға, шулауға, басқа оқушылар мен мұғалімдерге кедергі келтіруге;
- Сабақ үстінде шулауға, өз бетінше қозғалуға, басқа оқушыларды алаңдатуға, әңгіме айтуға, сабаққа қатысы жоқ басқа іс-әрекеттермен шұғылдануға, ойын ойнауға;
- Тәрбиеленушілерді үгіт жүргізу жұмыстарына, саяси акцияларға зорлықпен тартуға;
- Мектеп ішінде діни сипаттағы киімдер киюге, діни экстремистік насихат жұмыстарын жүргізуге, құқық бұзушылыққа бейім әрекеттерге баруға және ұйымдастыруға;
- Электр жүйелерін, қосып, айыратын нүктелі жәшіктерді ашуға;
- Мектеп-лицей-интернат мүлкінің, басқыш сатының ұшты бұрыштарына отыруға, асылып тұруға;
- Мектеп-лицей-интернатқа және мектеп-лицей-интернат аумағына қару, өртке қауіпті жарылғыш, жанғыш сұйықтық, газ баллонын әкелуге, темекі, электронды темекі, кальян тартуға, насыбай тұтынуға, спирттік ішімдіктер, есірткі, адамды ақылынан айыратын, естен тандыратын, қанын қыздыратын құралдар, сонымен бірге улы және токсиндік заттар қолдануға ;
- Мектеп-лицей-интернатта «қоңырау/жауап/смс» функциялары бар мобильді құрылғыларды, интернет модульдермен, фото, бейнекамералармен жабдықталған мобильді құрылғыларды (ұялы телефондар, планшеттер, смарт сағаттар және соған ұқсас басқа құрылғыларды) ұстауға болмайды және тыйым салынады;
- Сабақтан тыс уақытта мектеп-лицей-интернат кабинеттерін (оқу, компьютерлік және қосымша) куратор, тәрбиешілердің бақылауынсыз, рұқсатынсыз қолдануына тыйым салынады.

3.1 Мектеп-лицей-интернаттан шығару жағдайлары

- Жылдың қорытындысы бойынша екі немесе одан көп оқу пәндерінен «қанағаттанарлық» баға болған жағдайда;
- Бір оқу тоқсанының қорытындысы бойынша екі немесе одан да көп оқу пәндерінен «қанағаттанарлық» баға болған жағдайда;
 - Кемі екі оқу тоқсанында бір-бір пәннен «қанағаттанарлық» баға болған жағдайда мектеп-лицей-интернаттан шығарылады.
 - Тәрбиеленушінің үлгерімі ата-анасына ескертіліп, түсіндірме, ескерту жұмыстары алдын ала жүргізілуі тиіс;
 - 5. Тәрбиеленушінің үлгерімі туралы мәселе педагогикалық кеңесте, қаралып, кемі үш мұғалімнің «пікірі» ескерілуі керек.

4. Мектеп-лицей-интернат тәрбиеленушілерінің білім алуы және өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар

Қазақстан Республикасының Конституциясын, БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы», «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарында және басқа да білім беруді дамытудың бағдарламалары мен тұжырымдамалық негіздерінде, балалардың келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерде, педагогика мен психология негіздерінде, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерінде, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларында көрсетілгендей, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелер мен нормаларда көзделінген талаптарға сәйкес, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуы және өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар жасалынады.

5. Мектеп-лицей-интернаттың еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы жағдайлары

- Мектеп-лицей-интернаты тәрбиеленушілердің оқу процесі кезінде өмірі мен денсаулығын қорғауды жүзеге асырады.
- Тәрбиеленушілердің мінез-құлқы мен тәртібін режимнің барлық сәтінде байқап, бақылап отырады.
- Тәрбиеленушілерді жарақаттан сақтандыру басты назарда болады.
- Тәрбиеленушілердің мектеп-лицей-интернат ішінде, мектеп – лицей-интернат аумағынан тыс жерде жүріп, тұруы барысында, сондай-ақ оқытудың техникалық құралдарын (электрондық тақта, компьютер, ағашты жону, металмен жұмыс істеу станоктары және т.б.) пайдаланған кезде қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
- Оқу процесі барысында тәрбиеленушілердің мектеп-лицей-интернат аумағынан сыртқа кетуіне жол бермеуді қамтамасыз етеді.
- Тәрбиеленуші өздігінен кетіп қалған жағдайда мектеп-лицей-интернат қызметкері (мектеп директоры, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,

сынып кураторы мен тәрбиешілері) жедел іздестіруді ұйымдастырады. Бұл туралы басқарушы органға хабарлануы тиіс.

- Жас ерекшелігіне қарай тәрбиеленушілерді үйлеріне жалғыз жіберуге, оларды бөтен, мас күйдегі адамдарға беруге тыйым салынады.
- Оқу және жатақхана ғимаратында сіріңке және басқа да өмірге қауіпті құралдар мен материалдарды қолдануға болмайды.
- Мектеп-лицей-интернат ішінде (асханада, жатақханада, дәлізде және баспалдақ алаңдарында) тәрбиеленушілердің өзін-өзі ұстау тәртібінің қауіпсіздігі туралы нұсқаулық бұрыштамасы ілінеді.
- Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды.
- Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.
- Тәрбиеленушіге өзімен бірге электр шәйнектер, желдеткіштер, жылытқыштар, жарықтандырғыштар, төсек орындар, ыдыстар және т.б. әкелуге рұқсат етілмейді.
- Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіби ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін мектеп-лицей-интернат дәрігері (болмаған жағдайда медбике) белгілейді.
- Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңдары талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

5.1. Ата-аналар (заңды өкілдер) және басқа да тұлғалардың мектепке келу тәртібі

1. Мектеп-лицей-интернатқа кіруге мектеп әкімшілігімен немесе қызметкерлерімен алдын ала келісім бойынша ғана рұқсат етіледі.
2. Мектеп-лицей-интернат қызметкерлері алдын ала жазылу туралы күзет қызметіне хабарлайды.
3. Кураторлар сыныптың ата-аналар жиналысы, ата-аналар комитеттерінің жиналыстары және бөгде адамдардың қатысуына байланысты іс-шаралар туралы әкімшілік пен кезекшіге алдын ала хабарлауға міндетті.
4. Балаларын мектеп-лицей-интернатқа әкелетін немесе сабақтан кейін баланы алып кететін, қосымша сабақтарға (секциялар, үйірмелер, факультативтер) апаратын ата-аналар балаларын қабылдау бөлмесінде вахтада күтеді.
5. Мектеп-лицей-интернатқа барған кезде **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**
 - қоғамдық тәртіпті бұзуға;
 - атыс қаруын, газды, пневматикалық және қырлы қаруды, пиротехникалық заттарды, арнайы қорғаныс құралдарын, есірткі заттарын әкелуге;
 - алкогольдік ішімдіктерді алып келу және ішу, темекі шегуге;

- мектеп-лицей-интернат ұжымының жұмысына, оқу-тәрбие процесіне кедергі келтіруге;
- жануарларды әкелуге;
- сауда жасау және жарнамалық қызметпен айналысуға.

6. Мектеп-лицей-интернат қызметкерлері келесі жағдайларда келушіні мектептен және оның маңайынан шығаруға құқылы:

- объектідегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті бұзу;
- мектеп-лицей-интернат жанындағы аумақта мақсатсыз болу және мекеменің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі жасау;
- мектеп-лицей-интернат ғимаратында және оған жақын аумақта орналасқан мүліктің сақталуына қол сұғу;
- мектеп-лицей-интернат қызметкерлері мен тәрбиеленушілеріне дұрыс емес қатынас жасау;
- келуші өзінің іс-әрекеттерін бақыламаса, жанжалды жағдайлар тудырса, өзінің мінез-құлқымен басқа келушілердің ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіру;

7. Төтенше жағдай кезіндегі бұйрықтың барлық мәселелерін кезекші әкімші шешеді.

8. Ата-аналардың мектеп-лицей-интернаттағы мінез-құлық ережелері

1. Ата-аналарға мектеп-лицей-интернат әкімшілігімен немесе мұғалімдермен алдын ала келісім бойынша мектепке кіруге рұқсат етіледі

2. Мектеп-лицей-интернат ұжымының қызметкерімен кездесу үшін сізге:

- жиналыстың уақыты мен орнын алдын ала келісу;
- жеке басын куәландыратын құжатпен белгіленген уақытта мектеп-лицей-интернатқа келу;
- күзетшіге хабарласып, тіркелу: толық аты-жөнін, келу мақсаты, кездесу жоспарланған мектеп-лицей-интернат қызметкерінің аты-жөнін көрсетіңіз, жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіңіз.

3. Мектеп-лицей-интернатқа рұқсат етілмеген адамдардың кіруі (оқу процесін жүзеге асыруға тікелей қатысы жоқ және білім алушы болып табылмайтын азаматтар немесе олардың ата-аналары (заңды өкілдері) рұқсат етілмеген тұлғалар болып есептеледі) білім беру мекемесінің әкімшілігінің келісімімен ғана рұқсат етіледі. Мектеп-лицей-интернатқа келген тұлғалар кезекшінің бағыттауымен мектеп-лицей-интернат ғимаратына кіреді.

4. Әкімшіліктің рұқсатымен рұқсат етілмеген тұлғаларды қабылдау мектеп-лицей-интернат вахтасындағы тіркелу журналына келу мақсатын міндетті түрде жазумен келген тұлға анықталғаннан кейін ғана мүмкін болады.

6. Мектеп-лицей-интернат қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы №415 бұйрығымен бекітілген ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Мектеп-лицей-интернат сабақтарының басталу және аяқталу уақыты, олардың арасындағы үзілістер, оқу сабақтарының ұзақтығы

- Мектеп-лицей-интернатта оқу сабақтары сағат 8.30-да басталады. Оқу аптасының ұзақтығына қарамастан тәрбиеленушілердің күндізгі оқу жүктемесі жеті сабақтан, жоғары сыныптарда сегіз сабақтан аспайды.
- Мектеп-лицей-интернаттың сабақтар арасындағы үзілістер ұзақтығы 5 минутты, үлкен үзіліс 3 сабақтан кейін 20 минутты құрайды.
- Мектеп-лицей-интернаттағы сабақтың ұзақтығы - 45 минут.

Мектеп-лицей-интернаттың ішкі тәртібінің үлгі қағидасының моделі

ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидалары

МАҚСАТЫ

Мектеп-лицей-интернат қызметкерлері, тәрбиеленушілері және олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері мектеп-интернаттың ішкі тәртібінің қағидаларымен жүктелген міндеттерін сақтау

НЫСАНЫ

Мектеп-лицей-интернат қызметкерлері, тәрбиеленушілері және ата-аналар

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1

ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

- Педагогтер
- Тәрбиеленушілер
- Ата-аналар

2

Тәрбиеленушілердің міндеттері мен құқықтары

3

Оқу процесіне қатысушылардың тәртібі

4

Тәрбиеленушілердің білім алуы және өмірі мен денсаулығын сақтау

5

Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы жағдайлары

6

Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру

7

Оқу сабақтарының ұзақтығы

Мектеп-лицей-интернаттың ішкі тәртібінің үлгі қағидасының моделі

ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесінің үлгі қағидалары

МАҚСАТЫ

Мектеп-интернат қызметкерлері, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері мектеп-лицей-интернаттың ішкі қағидаларымен жүктелген міндеттерін сақтау

НЫСАНЫ

Мектеп-лицей-интернат қызметкерлері, тәрбиеленушілер және ата-аналар

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1

ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

- Педагогтер
- Тәрбиеленушілер
- Ата-аналар

2

Тәрбиеленуші құқықтары

- Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес тегін жалпы білім алуға (негізгі, жалпы орта);
- мектеп-лицей-интернат кітапханасының ақпараттық қорын тегін пайдалануға, оқулықпен қамтамасыз етілуге басқа да қосымша қызмет алуға;
- Адамгершілік қасиеттерді қастерлеуге, ар-ождан және ақпарат еркіндігі, өз көзқарасы мен мүдделерін ашық білдіруге;
- Абыройын, еркіндігін, өз денсаулығын сақтауға;
- Оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;
- Іріктеуден өткен жағдайда мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық түрлі пәндік олимпиадаларға, спорттық және мәдени іс-шараларға қатысуға құқылы.

Тәрбиеленуші міндеттері

- Тәрбиеленуші мектеп-лицей-интернат пен жатақхана ережелері мен талаптарын орындауға міндетті
- Мектеп-лицей-интернаттың қоғамдық және мәдени өміріне белсене қатысуға
- Өзінің мәдени деңгейін әрқашан көтеріп отыруға, өз бойында жақсы эстетикалық талғам мен әдептерді қалыптастыруға
- Жеке бас гигиенасын сақтауға, денесін шынықтыруға, мектепке және басқа да қоғамдық орындарды тәртіп пен тазалықты сақтауға
- Ұжымда достық қарым-қатынас орнатуға, бірін-бірі құрметтеуге, бір-бірінің абыройы мен намысын қоғауға
- Оқушылар мұғалімдерді, өзінен жасы үлкен адамдарды «Сіз» деп атауға
- Мектеп-лицей-интернат ережесін, күн тәртібін, техникалық өрт қауіпсіздігі ережесін сақтауға;
- Тағамдарды тұтыну кезінде тамақтану мәдениетін ұстануға
- Жатақхана мүлігін ұқыпты ұстауға міндетті.

3

ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТӘРТІБІ

- Мектеп-лицей-интернат тәрбиеленушілері оқу күндері мектеп-лицей-интернат директорының рұқсатымен ата-анасының қолхатына сәйкес сұрануға құқығы бар;
- Рұқсатсыз мектеп-лицей-интернат ауласынан шыққан жағдайда ата-анасы шақырылады;
- Демалыс күндері тәрбиешілердің сыныптар бойынша берген тізіміне сәйкес тәрбиеленушілер ата-ананың қолхатымен, 10-11 сыныптар ата-анасының нотариус арқылы берілген қолхатымен қайтарылады;
- Жұма күні қайтқан тәрбиеленушілер жексенбі күні кешкі 21.00-ге дейін жатақханаға келуге міндетті;
- Дәлелсіз себептермен сабаққа келмесе немесе үш рет дүйсенбі күні кешігіп келген жағдайда ата-анасы шақырылып, арнайы кеңестерге қаралады;

4

Тәрбиеленушілердің білім алуы, өмірі, денсаулығын сақтау

Қазақстан Республикасының
Конституциясы
БҰҰ-ның бала құқықтары
туралы Конвенциясы
«Неке (ерлі-зайыптылық) және
отбасы туралы» Қазақстан
Республикасының Кодексі
«Қазақстан
Республикасындағы баланың
құқықтары туралы» Қазақстан
Республикасының Заңы
«Білім туралы» Қазақстан
Республикасының Заңы
Мемлекеттік бағдарламалар,
Тұжырымдалық негіздер

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық
профилактикасы туралы»
Қазақстан Республикасының
Заңы
«Балаларды денсаулығы мен
дамуына зардабын тигізетін
ақпараттан қорғау туралы»
Қазақстан Республикасының
Заңы
«Кәмелетке толмағандар
арасындағы құқық
бұзушылықтардың
профилактикасы мен
балалардың қадағалаусыз және
панасыз қалуының алды алу
туралы» Қазақстан
Республикасының Заңы

5**ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ МЕН ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім беру ұйымдары ішінде, мектеп аумағынан тыс жерде жүріп-тұруы барысында, сондай-ақ оқытудың техникалық құралдарын (электрондық тақта, компьютер, ағашты жону, металлмен жұмыс істеу станогтары және т.б.) пайдаланған кезде қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Оқу және жатақхана ғимаратында сіріңке және басқа да өмірге қауіпті құралдар мен материалдарды қолдануға болмайды.

Тәрбиеленушіге өзімен бірге электр шәйнектер, желдеткіштер, жылытқыштар, жарықтандырғыштар және т.б. әкелуге рұқсат етілмейді.

Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіби ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін мектеп-лицей-интернат дәрігері (болмаған жағдайда медбике) белгілейді.

Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңдары талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді

6**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛКІТІЛІГІН АРТТЫРУ****7****ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ**

Мектеп-лицей-интернатта сабақ 8.30-да басталады.
Сабақтың ұзақтығы 45 минутты құрайды.